

## **Филологиялық ғылымдар**



## **Филологические науки**



## **Philological sciences**

ХТАМР 14.35.09

**Л.К. Омаркулова** (*orcid* -0000-0003-0676-9307)*Магистр, аға оқытушы**М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., Қазақстан*  
*e-mail: [omarkulova.lyazzat@mail.ru](mailto:omarkulova.lyazzat@mail.ru)***ТІЛДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ НЕГІЗГІ ТҮСІНІКТЕРІ**

**Аңдатпа.** Мақалада қазақ тілін оқытуға байланысты әдістеме, әдіснама, дағды, білік, тәсіл, әдіс, амал ұғымдарға түсініктеме берілді. Сондай-ақ оқытудың әдістері - білім берудің, тәрбиелеудің және үйренушілердің білімін көтерудің мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған, оқытушы мен үйренушінің өзара бірлескен іс-қимылының жиынтығы. Әдіс - барлық пәндерді оқыту үшін әмбебап ұғым, дегенмен әрбір пәннің өз сипаттарына қарай оқыту әдістерінің де айырым белгілері болады. Оқыту әдістері екі түрге тарамдалады: а) оқытудың әдістері - түсіндіру, көрсету, жаттығуларды ұйымдастыру, бағалау; ә) үйрену әдістері - танысу, түсіну, жаттығу.

**Тірек сөздер:** әдістеме, әдіснама, дағды, білік, тәсіл, әдіс, амал.

**Кіріспе.** Қазақ тілін өзгетілді аудиторияларда үйретуші маман-оқытушылардың басым дені - оқыту әдістемесін практикалық тұрғыдан жетік білетін, тәжірибелі әдіскерлер. Сонымен қатар бүгінгі таңда тілді оқытуда, теориялық және практикалық аспектілерде болсын, әдістеме ғылымының негізгі аталым-түсініктерін білудің, олардың мазмұнын ажыратудың қажеттілігі бар, өйткені әсіресе жоғары оқу орындарында, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда тіл үйрету сабақтарын жүргізетін оқытушылардың қай-қайсысы да жеке, өз тарапынан, сондай-ақ әріптестерімен бірлесе отырып, оқулықтар мен оқу құралдар жүйеленуінде де тән. Осы саладағы белгілі мамандардың басшылығымен тілді оқыту әдістемесінің теориялық тұрғыдан жүйеленуінде елеулі жұмыстар жасалды, оларда әдістеменің басты терминдері айқын қалыптасып, орнықты. Айталық, бұдан біраз бұрын жарық көрген, ғалым Ф.Оразбаеваның еңбегінде жазылым, оқылым, айтылым, тыңдалым деген терминдер оңтайлы ұсынылып, әдістеме саласы терминдік аталымдарының түзілуіне жол ашты [1]. Дегенмен ғылыми жұмыстардың көпшілігі практик әдістемеші-оқытушылардың қолына түсе бермейді, зерттеу жұмыстарындағы қолданысқа түскен аталымдарға назар бөле қоймаудың басқа да себептері жоқ емес. Осыған байланысты қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымының бір алуан түсініктерін қазіргі ғылыми бағыттарды басшылыққа ала отырып, тарқатып, таратып беруді жөн көреміз. Олардың қайсыбірі, әрине, ұғынықты да болуы мүмкін, дей тұрсақ та мағынасын, ұғымдық көлемін анықтай түсу әсіресе ғылым мен тілді оқыту практикасына енді-енді араласа бастаған мамандарға көмек болады деген ойдамыз.

**Зерттеу шарттары мен әдістері.** Бірқатар ғылыми-көпшілік, ғылыми мақалаларда әдіс, тәсіл, амал, дағды, білік деген терминдер қолданылады, кейде олар қосарланып та әдіс-тәсіл, білік-дағды түрінде айтылады. Лингвоелтаным, лингвом - дүниеттану, әдістеме, әдіснама, ана тілі, екінші тіл, шет тілі типтес басқа да аталымдардың аражігі айырмаланбай жұмсалатын реттер де ұшырасады. Аталғандар тәрізді бірқатар терминдердің ұғымдық көлемін айқындай түсуге болады.

Әдістеме (методика) ұғымы бірнеше терминдік мәнді топтастырады; біріншіден, бұл - жоғары оқу орындарының оқу жоспарына енгізілетін оқу пәнінің атауы. Екіншіден, оқытушының өз жұмысында қолданатын әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы, басқаша айтқанда, оқытушының кәсіби-практикалық қызметінің технологиясы. Үшіншіден, әдістеме атауының мағынасы оқытудың теориясын зерттейтін педагогикалық ғылым дегенді де білдіреді. Қазақ тілін өзгетілді аудиторияларда оқыту әдістемесі - тілді оқытудың ұйымдастыру нысан дарын, әдістерін, тәсілдерін, тілді оқытудың мазмұны мен мақсатын зерделейтін сала.

Әдіснама (методология) - қандайда бір ғылым саласында пайдаланылатын танымдық құралдардың, әдістер мен тәсілдердің жиынтығы. Танымдық және практикалық жаңғырту қызметін ұйымдастырудың иесі берілген сөздерден сөйлем құраңыз», «көп нүктенің орнына тиісті сезді қойыңыз», «аударыңыз» дегендермен шектеледі. Ғылыми тұрғыдан дұрыс болғанымен, бұлар тәріздес жаттығу үлгілері қазақ тілін оқытып-үйретуге қойылып отырған қазіргі талаптар тұрғысынан қарағанда, аздық етеді. Бұл туралы әдіскер-ғалым З.Кузеева былай деп жазады: «Бүгінде қазақ тілі оқулықтарында жаттығулар жүйесі мүлдем ескерілмеген, кейбір оқулықтардың тілді үйретуге қабілетсіздігі де, осалдығы да осы жаттығулар мәселесінің дұрыс жолға қойылмағандығында»[2].

**Зерттеу нәтижелері.** Сонғы кезде жаттығу терминімен мазмұндас «тренинг» деген аталым да жиірек көзге түседі. Бұны, сірә, қазақ әдістеме ғылымын да дағдыландыру» деп атаған ретті болар деген пікірдеміз. Жинақталған тәжірибе көрсетіп отырғанындай, дағдыландыру - сөйлеу шеберлігін дамытуға, берілген білімді бекітуге бағытталған, көбіне-көп рөлдік және іскери ойындар, пікірталас сабақтары, сөзсайыс түрінде ұйымдастырылатын нысан.

Дағды - жаттығуларды орындау нәтижесінде үйренушінің білімін автоматизм дәрежесіне дейін көтеретін әрекет. Дағды қалыптастырудың бірнеше кезеңінен өтеді. Лексикалық дағды, грамматикалық де гендерді ажыратуға болады: лексикалық дағды - коммуникативтік қарым-қатынас кезінде, әсіресе рецептивті сөйлесуде алған білімі арқылы санасында орнығып қалған сөздер мен сөз тіркестерін жағдаяттың мазмұны мен мақсатына қарай дұрыс қолдана білу қасиеті. Басқаша айтқанда, үйренушінің лексикалық дағдысының бар екендігі өзі білетін сөзді тағы да бір тілдік бірлікпен тіркестіріп, ойын жеткізе алуы, естілген сөздерді өзінің ана тіліндегі ұғыммен салыстыра отырып, тез арада аудару білу қабілеті, сөздерді іріктеп қолдана алуы арқылы көрінеді.

**Ғылыми нәтижелерді талқылау.** Грамматикалық дағды-сөйлеу-сөйлесу барысында өзі үйренген грамматикалық тұлғаларды дұрыс, қатесіз жұмсай білу қабілетінің қалыптасуы. Грамматикалық дағдыны толыққанды меңгерудің кезеңдерінде тілді үйренуші ең алдымен: а) модельді қабылдайды; ә) аналогия бойынша модельге ұқсас үлгі жасайды; б) өзі білетін үлгіні сөйлеу үдерісінде пайдаланып, сөйлем, тұтас мәтін жасауға ұмтылады.

**Қорытынды.** Білік (кейде білік- дағды деп те жұмсалады) - алған білімі мен дағдыларының жиынтығын қолдану қабілетінің жүзеге асырылуы. Осыдан барып біліктілік терминінің мағынасы ашыла түседі.

Лексикографиялық еңбектерде «метод, прием, способ дегендердің баламалары былайша берілген метод-метод, әдіс, прием -тәсіл, әдіс, әдістеме; способ -амал, жол, лаж, тәсіл, уәж, шара, әдіс; амал-действие, поступок, способ, средство [3]. Көріп отырғанымыздай, барлық жағдайларда да «әдіс»

сөзі абсолютті балама түрінде алынған, дегенмен әдістеме ғылымы үшін аталғандарды саралай түсуге болады.

Амал (прием) – әдістеме ғылымындағы негізгі ұғымдардың бірі.

Оқыту әдісінің құрамдас бөлігі, бұны сызба түріне былайша көрсетуге болады: амал  $\geq$  тәсіл  $\geq$  оқытудың әдістері  $\geq$  оқытудың бағыттары. Демек, амал - әдістемедегі бастапқы саты. Әр оқытушының сабақты түсіндірудегі, яғни суреттеп, салыстырып, баяндап, қорытып берудегі, әрбір үйренушінің білімін тексерудегі амалы әртүрлі болуы мүмкін. Айталық, белгілі бір тақырыпты түсіндіру үшін оқытушы портреттерді пайдалана отырып, рөлдік ойынның бірін ұйымдастырса бұны амал деп санауға болады.

Тәсіл (способ) - күрделі және жалпы оқыту міндеттерін шешуге бағытталған амалдардың жиынтығы. Оқытушы сабақ барысында нақты тақырыпты түсіндіру үшін көрнекі құралдарды, аудиоматериалдарды, түрлі ойын үлгілерін жүйелі түрде қолданса, бұны оқытушының өзіндік әдістемелік тәсілдері деп атауға болады.

Әдіс - бұл ұғымның мағынасы кең: а) жалпы әдіснамалық мағынада әдіс - танымның құралы; табиғат құбылыстары мен қоғамның ерекшеліктерін, ақиқат шындықты зерттеудің жолы (мысалы, философия ғылымының әдістері, зерттеу әдістері деп жұмсалады); ә) жалпы дидактикалық, әдістемелік және дербес әдістемелік мағынада; бұл оқытудың әдістері дегенді білдіреді.

Оқытудың әдістері - жалпы дидактикалық түсінік. Білім берудің, тәрбиелеудің және үйренушілердің білімін көтерудің мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған, оқытушы мен үйренушінің өзара бірлескен іс-қимылының жиынтығы. Әдіс - барлық пәндерді оқыту үшін әмбебап ұғым, дегенмен әрбір пәннің сипаттарына қарай оқыту әдістерінің де айырым белгілері болады. Оқыту әдістері екі түрге тарамдалады: а) оқытудың әдістері - түсіндіру, көрсету, жаттығуларды ұйымдастыру, бағалау; ә) үйрену әдістері - танысу, түсіну, жаттығу.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Оразбаева, Ф. Тілдік қатынас теориясы және әдістемесі [Мәтін] / Ф. Оразбаева. – Алматы, 2000.
2. Күзекова, З. Екінші тіл ретінде қазақ тілі оқулығы теориялық лингвистикалық негіздері [Мәтін] / З. Күзекова. – Алматы, 2005.
3. Тіл білімі сөздігі [Мәтін]. - Алматы: Ғылым, 1998.

Материал редакцияға 23.11.21 түсті.

Л.К. Омаркулова

Таразский региональный университет им. М.Х.Дулати, г. Тараз, Казахстан

#### ОСНОВНЫЕ ПОНЯТИЯ МЕТОДИКИ ОБУЧЕНИЯ ЯЗЫКУ

**Аннотация.** В статье даны разъяснения понятий методика, методология, навыки, учения, методы, приемы, связанные с обучением казахскому языку. Автором проведен анализ дефиниций, предложенный учеными, известными методистами. Более подробно представлен анализ методов обучения. Автор подчеркивает следующие аспекты в определении методов обучения: метод обучения как объяснение, демонстрация, оценка и как ознакомление, понимание, обучение.

---

**Ключевые слова:** методика, методология, навыки, умения, подход, метод.

**L.K. Omarkulova**

*M.Kh.DulatyTaraz Regional University, Taraz, Kazakhstan*

#### **BASIC CONCEPTS OF LANGUAGE TEACHING METHODS**

**Abstract.** The article explained the concepts of methodology, methodology, skills, skills, approaches, methods, techniques related to teaching the Kazakh language. Also, teaching methods are a set of joint interaction between the teacher and the student, aimed at achieving the goals of education, education and raising the knowledge of students. Method is a universal concept for teaching all subjects, but each subject, depending on its characteristics, also has distinctive features of teaching methods. Teaching methods are divided into two types: a) teaching methods - explanation, demonstration, Organization of exercises, evaluation; B) methods of learning - acquaintance, understanding, training.

**Keywords:** methodology, methodology, skills, skills, approach, method, operation.

#### **References**

1. Orazbayeva F. Theory and methodology of language communication. - Almaty, 2000.
2. Kuzekova Z. Textbook of the Kazakh language as a second language theoretical linguistic bases. - Almaty, 2005.
3. Dictionary of Linguistics.- Almaty: Gylm 1998.